Цифрлық қаржы активтерін шығару/өтеу, сондай-ақ цифрлық қаржы активтерін шығару шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтінішке № 1 қосымша

Цифрлық қаржы активтерін шығару шарттары

Инвесторлар үшін маңызды хабарландыру:

инвестор цифрлық қаржы активіне қатысты инвестициялық шешімді өзі қабылдайды және осындай шешімге байланысты барлық тәуекелді өзі көтереді

1. Орналастыру түрі

■ Жария түрде орналастыру ☐ жеке орналастыру

Жария түрде орналастырылған кезде, эмитенттің цифрлық қаржы құралдары шектеусіз адамдар тобына ұсынылады. Жеке орналастырылған кезде, тек білікті инвесторларға ғана ұсынылады.

2. Эмитент туралы мәліметтер

2.1. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні

Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні – 2012 жылғы 17 наурыз.
Қайта тіркеу күні – 2017 жылғы 27 желтоқсан.

Күн, ай, жыл пішімінде толтырыңыз.

27.12.2017 ж.

2.2. Эмитенттің толық атауы

«ALTA Telecom» («АЛТА Телеком») жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Эмитент)

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (бар болса) толтырыңыз

2.3. БСН

1	2	0	3	4	0	0	1	4	5	3	1

2.4. Legal Entity Identifier

Берілген жоқ.

ISO 17442 «Financial services – Legal Entity Identifier» (LEI) (Файнаншл сервисез – Легал Энтити Айдэнтифайер) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier (Легал Энтити Айдэнтифайер) кодын көрсетіңіз (бар болса)). Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

2.5 Эмитенттің орналасқан жері

Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/15-үй, 15/3А корпусы, пошталық индексі 050032

Телефонның абоненттік нөмірін, электрондық поштаның мекенжайын және интернет-ресурсын (бар болса) көрсетіп, толтырыңыз

2.6. Эмитенттің қызметінің негізгі түрлері

Экономикалық қызметінің негізгі түрі – Аппараттық-бағдарламалық кешендерді монтаждау және баптау саласындағы қызмет (62032).

Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

2.7. Құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер

Алиев Руслан Фархадович эмитенттің 100%-дық қатысу үлесіне ие: ЖСН 791220350494, №046593895 жеке куәлігін ҚР ІІМ 13.07.2020ж. берген. Жарамдылық мерзімі – 12.07.2030ж. дейін, туған күні: 20.12.1979 ж., туған жері: Өзбекстан, тел.: +7 701 201 27 90.

Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын (акционерлік қоғам кері сатып алғанды қоспағанда) иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтерді көрсетіңіз. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

2.8. Эмитенттің басқару органдары туралы мәліметтер

Жоғары орган – Қатысушы.

Атқарушы орган – Бас директор.

Алиев Руслан Фархадович – 100% қатысу үлесіне ие жалғыз қатысушы және Эмитенттің Бас директоры.

Тәуелсіз директорларды, олардың сайланған және соңғы үш жылдағы және ағымдағы сәттегі еңбек қызметін көрсетіп, директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) төрағасы мен мүшелері туралы ақпаратты, сондай-ақ эмитенттің оларға тиесілі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) мөлшері және олардың еншілес және тәуелді қоғамдардың жарғылық капиталдарына қатысуы туралы деректер қамтылған эмитенттің басқару органдары туралы мәліметтерді көрсетіңіз. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

2.9. Эмитенттің атқарушы органы туралы мәліметтер

Эмитенттің бас директоры – Алиев Руслан Фархадович, ол сондай-ақ Эмитенттің 100%-дық қатысу үлесіне ие. 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Бас директор қызметін атқарып келеді.

Эмитенттің атқарушы органы туралы, оның ішінде атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға немесе алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелері туралы мәліметтерді, олардың сайланған күнін және өкілеттіктерінің көлемін, соңғы үш жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ оларға тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің мөлшері туралы деректерді көрсетіңіз. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

2.10. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер

«B2B Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Эмитенттің 2025 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізді. 05.09.2016 жылғы № 16013893 лицензия.

Эмитенттің соңғы аяқталған қаржы жылындағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымның атауын, оның ішінде аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның нөмірі мен күнін, эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтерді көрсетіңіз). Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

2.11. Эмитенттің үлестес тұлғалары

30.09.2026 ж. жағдай бойынша Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР				
№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Үлестестігін тану негіздері	Үлестестігі пайда болған күні	Тұрғылықты елі
1	Алиев Руслан Фархадович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	25.12.2017	Қазақстан Республикасы
2	Алиев Фархад Камалович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	25.12.2017	Қазақстан Республикасы
3	Алиева Бахытжан Назаровна	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	25.12.2017	Қазақстан Республикасы
4	Кужахметова Жанар Таскалиевна	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	25.12.2017	Қазақстан Республикасы
5	Алиев Камал Русланович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	25.12.2017	Қазақстан Республикасы

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

6	Алиев Амир Русланович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	25.12.2017	Қазақстан Республикасы
7	Алиев Арман Русланович	«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	07.11.2019	Қазақстан Республикасы

Үлестес заңды тұлғалар жоқ.

егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылса, эмитент осы тармақты толтырмайды. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

3. Цифрлық қаржы активтері (ЦҚА) платформасының операторы туралы ақпарат

3.1. ЦҚА платформасының операторын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні

Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні – 1993 жылғы 30 желтоқсан.
Мемлекеттік қайта тіркеу күні – 2004 жылғы 7 қаңтар.

Күн, ай, жыл пішімінде толтырыңыз. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

3.2. ЦҚА платформасы операторының толық және қысқаша атауы

Толық атауы: «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы
Қысқаша атауы: «Қазақстан қор биржасы» АҚ немесе Қазақстан қор биржасы.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (бар болса) толтырыңыз.

3.3. ЦҚА платформасы операторының бизнес-сәйкестендіру нөмірі

931240000220.

Телефонның абоненттік нөмірін, электрондық поштаның мекенжайын және интернет-ресурсты (бар болса) көрсетіп, толтырыңыз

3.4. ЦҚА платформасы операторының орналасқан жері

Қазақстан Республикасы, A15G7M6 (050040), Алматы қ., Байзақов к-сі, 280, «Almaty Towers» көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-қабат.

Телефонның абоненттік нөмірін, электрондық поштаның мекенжайын және интернет-ресурсты көрсетіп, толтырыңыз

3.5. ЦҚА платформасы операторының тіркеу нөмірі және ЦҚА платформасы операторларының тізіліміне енгізілген күні

Тіркеу нөмірі – 001, тізілімге енгізілген күні – 2026 жылғы 19 мамыр.

Телефонның абоненттік нөмірін, электрондық поштаның мекенжайын және интернет-ресурсты көрсетіп, толтырыңыз

4. ЦҚА туралы мәліметтер

4.1. Шығарылатын ЦҚА куәландыратын құқықтардың түрі мен көлемі

Шығарылатын цифрлық қаржы активтері (бұдан әрі – ЦҚА) оларды ұстаушылардың Эмитентке мүліктік құқықтарын (талап ету құқықтарын) куәландырады, атап айтқанда:

- ЦҚА шығару шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жылдық 21% (жиырма бір пайыз) мөлшерлеме бойынша сыйақы алу құқығы;
- ЦҚА шығару шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде оларды өтеген кезде ЦҚА номиналды құнын алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және ЦҚА шығару шарттарында көзделген өзге де құқықтар.

ЦҚА шығарылымының жалпы көлемі – 100 000 000 (жүз миллион) теңге. ЦҚА-ның айналыста болу мерзімі – 18 (он сегіз) ай.

Әрбір ЦҚА ұстаушысы құқықтарының көлемі оған тиесілі ЦҚА санымен және бір ЦҚА-ның номиналды құнымен айқындалады.

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

Мүліктік құқық, талап ету құқығы және т.б.

4.2. Шығарылатын ЦҚА саны мен көлемі, сондай-ақ ЦҚА-ны орналастыру бағасын айқындау тәртібі, ЦҚА санының базалық актив бірлігіне арақатынасы

Шығарылатын ЦҚА саны – 100 000 (жүз мың) дана.

Бір ЦҚА-ның номиналды құны – 1 000 (мың) теңге.

ЦҚА шығарылымының жалпы көлемі – 100 000 000 (жүз миллион) теңге.

Бастапқы орналастырған кезде бір ЦҚА-ны орналастыру бағасы – номиналды құнының 100%-ы, яғни 1 000 (мың) теңге.

ЦҚА – тікелей ЦҚА платформасы операторының платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын облигациялар, осыған байланысты осы шығарылым бойынша базалық актив жоқ, ал ЦҚА санының базалық актив бірлігіне арақатынасы қолданылмайды.

4.3. ЦҚА-ны орналастырудың басталған және аяқталған күні, оларды орналастыру шарттары

ЦҚА айналысының және орналастырудың басталған күні – «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «KASE», «Биржа») ережелеріне сәйкес шығарылатын ЦҚА-ның барлық санын немесе шығарылымның кез келген бөлігін ЦҚА ұстаушылардың ЦҚА платформасындағы шоттарына есепке алған күн.

ЦҚА-ны орналастыру аяқталған күн – ЦҚА айналысы мерзімінің соңғы күні.

ЦҚА Қазақстан Республикасының заңнамасына, ЦҚА платформасы операторының ережелеріне және ЦҚА-ны шығару шарттарына сәйкес ЦҚА платформасы операторының платформасында орналастырылады.

ЦҚА инвесторлар арасында ЦҚА платформасы операторының платформасында мәмілелер жасасу арқылы орналастырылады.

4.4. Шығарылатын ЦҚА ақысын төлеу тәсілі

Шығарылатын ЦҚА ақысы ақшалай қаражатпен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.

Өзге заттарды, мүліктік құқықтарды, цифрлық құқықтарды не ақшалай бағасы бар өзге де құқықтарды беру арқылы ақы төлеу көзделмеген.

Ақшалай қаражатпен ақы төлеу және (немесе) өзге де заттарды немесе мүліктік құқықтарды, оның ішінде цифрлық құқықтарды не ақшалай бағасы бар өзге де құқықтарды беру

4.5. ЦҚА куәландырған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету

Эмитенттің шығарылатын ЦҚА бойынша міндеттемелерін орындау кепілмен, кепілдікпен, кепілгерлікпен не міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің өзге тәсілімен қамтамасыз етілмейді. ЦҚА – Эмитенттің қамтамасыз етілмеген міндеттемелері. Қамтамасыз етудің болмауына байланысты оның құны айқындалмайды.

Шығарылатын ЦҚА бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің сипаттамасы (оның құны көрсету)

4.6. Құқықтарды, оның ішінде оны беруді талап ету құқығын куәландырылатын эмиссиялық бағалы қағаздың түрі және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)

Шығарылатын ЦҚА – тікелей ЦҚА платформасының операторының платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын облигациялар, олар ЦҚА ұстаушысының бөлек шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздармен байланысты құқықтарды іске асыру құқығын не осындай бағалы қағаздарды алу (беру) құқығын куәландырмайды.

Осыған байланысты өзге эмиссиялық бағалы қағаздың түрін және халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN кодын), сондай-ақ мерзім басталған кезде оны беруді талап ету құқығы туындайтын мерзімді немесе оқиғаны көрсету талап етілмейді.

Эмиссиялық бағалы қағаздармен байланысты құқықтарды іске асыру құқығын не осындай бағалы қағаздарды алу құқығын куәландыратын ЦҚА шығарылған кезде толтырыңыз.

4.7. Тиісті эмиссиялық бағалы қағазды беруді талап ету құқығы туындайтын мерзім немесе оқиға

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

Қолданылмайды, өйткені ЦҚА өзге эмиссиялық бағалы қағазды алу немесе беру құқығын куәландырмайды.

Егер ЦҚА эмиссиялық бағалы қағазды беру құқығын куәландырса, толтырыңыз.

4.8. ЦҚА бойынша кіріс

ЦҚА бойынша кіріс ЦҚА ұстаушыларға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен ақшалай нысанда, ЦҚА ұстаушысына тиесілі номиналды құнының жылдық 21% (жиырма бір пайызы) мөлшерлемесі бойынша сыйақы түрінде төленеді. ЦҚА бойынша сыйақы жылына 2 (екі) рет, ЦҚА айналысы басталған күннен бастап 6 (алты) ай сайын төленеді.

Сыйақы ЦФА ұстаушылар тізілімінде сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша тіркелген ЦҚА ұстаушылардың банктік деректемелері бойынша ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару арқылы (ЦҚА ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізетін орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркеу күні») Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде төленеді.

Төленетін күні төленуге тиіс купондық сыйақы сомасы тиісті ЦҚА ұстаушыға тиесілі орналастырылған ЦҚА-ның номиналды құнын және ЦҚА бойынша жартыжылдық купондық сыйақының мөлшерлемесін (ЦҚА бойынша жылдық купондық сыйақының мөлшерлемесін екіге бөлу арқылы есептелетін) көбейту арқылы есептеледі. Үтірден кейінгі таңба саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының жұмыс істеу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Купондық сыйақы соңғы рет ЦҚА бойынша борыштың негізгі сомасын төлеген уақытта төленеді.

Қайталама нарықта ЦҚА-мен мәмілелер жасасқан кезде ЦҚА бойынша жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақының мөлшері купондық сыйақы мөлшерлемесінің негізінде есептеледі.

ЦҚА бойынша сыйақы бір жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айдағы 30 (отыз) күн уақытша база есебінен барлық айналыс мерзімі ішінде төленеді.

ЦҚА бойынша кіріс ретінде өзге активтерді немесе мүліктік құқықтарды алу көзделмеген.

Ақшалай төлемдер, құнның өсуі, өзге активтерді немесе құқықтарды алу, сондай-ақ белгілі бір оқиғалар туындаған кезде туындайтын кіріс. Бар болса, толтырыңыз.

4.9. ЦҚА-ны өтеу шарттары мен тәртібі

ЦҚА-ның айналысы басталған күннен бастап күнтізбелік 18 (он сегіз) ай өткен соң ЦҚА өтеледі. ЦҚА айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде өтелуге тиіс.

Өтеген кезде Эмитент ЦҚА ұстаушыларға:

- әр ЦҚА үшін оларға тиесілі ЦҚА-ның номиналды құнын – 1 000 (мың) теңге мөлшерінде;
- жылдық 21% (жиырма бір пайыз) мөлшерлеме бойынша соңғы купондық кезең үшін сыйақы төлейді.

Барлық төлем Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жасалады.

ЦҚА номиналды құны және соңғы купондық кезең үшін сыйақы оны алуға құқығы бар және Тіркеу күніне Эмитенттің ЦҚА ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

Егер ЦҚА-ны өтеу күні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, одан кейінгі бірінші жұмыс күні өтеледі. Бұл ретте ЦҚА ұстаушысының төлем мерзімін осындай ауыстыру үшін қосымша сыйақы немесе өзге өтемақы есептеуді талап етуге құқығы жоқ.

Эмитент ЦҚА номиналды құнын және тиесілі сыйақыны төлеу міндеттемелерін толық көлемде орындағаннан кейін, ЦҚА платформасының операторы ЦҚА-ны өзінің есепке алу жүйесінде оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен өтейді.

ЦҚА өтелген сәттен бастап тиісті ЦҚА бойынша ұстаушылардың Эмитентке талап ету құқықтары тоқтатылады, ал өтелген ЦҚА-ның айналысы тоқтатылады.

Эмитенттің бастамасымен ЦҚА-ны мерзімінен бұрын өтеу көзделмеген.

ЦҚА өтелуге тиіс оқиғаны немесе мән-жайларды, сондай-ақ оның қолданысын тоқтату және эмитенттің ұстаушының алдындағы міндеттемелерін орындау бойынша іс-әрекеттердің реттілігін көрсетіңіз

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

4.10. ЦҚА шығарудың технологиялық инфрақұрылымы
1) ЦҚА шығарылатын және айналысқа жіберілетін пайдаланылатын бөлінген тізілімнің (блокчейн-хаттаманың) сипаттамасы: ЦҚА шығару және айналысқа жіберу KASE-нің цифрлық қаржы активтері платформасының технологиялық инфрақұрылымы аясында Solana жария блокчейн-желісін пайдаланып, жүзеге асырылады. Solana – валидаторлардың таратылған желісі арқылы транзакциялардың тіркелуін және расталуын қамтамасыз ететін ашық таратылған блокчейн желісі. KASE Solana Foundation-ды цифрлық активтер платформасының блокчейн-инфрақұрылымы деңгейінде серіктес ретінде көрсетеді. KASE-нің ережелеріне сәйкес қаржы құралдарының шығарылымын электрондық-цифрлық нысанда тіркеген кезде, Биржа ЦҚА шығарылымын жария блокчейн-желіде тіркейді де, ЦҚА платформасында ашылған Эмитенттің шотына ЦҚА-ны есепке алады. 2) Желінің жұмыс істеу қағидаттары туралы мәліметтер: Solana желісі оқиғалар мен транзакцияларды уақыт бойынша криптографиялық ретке келтіру үшін Proof of History (PoH) тетігін пайдаланып, Proof of Stake (PoS) консенсус тетігінің негізінде жұмыс істейді. Операциялар валидаторлардың бөлінген желісімен расталады. Валидаторлардың даусы оларға берілген стейк көлемі ескеріліп есепке алынады, ал расталған транзакциялар бөлінген тізілімге енгізіледі. Валидаторлардың, криптографиялық қолтаңбалардың бөлінген желісін және криптографиялық хэштердің реттілігін пайдалану блокчейнге енгізілген мәліметтердің тұтастығы мен тексерілуін қамтамасыз етеді. KASE-де тіркелген ЦҚА-ның айналысы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және KASE-нің ішкі құжаттарына сәйкес Биржаға қажетті ақпарат берілген электрондық әмиянмен шектеледі. 3) ЦҚА шығаруды және айналысын қамтамасыз ететін смарт-келісімшарттың сипаттамасы (бар болса), оның ішінде тәуелсіз аудит жүргізу туралы мәліметтер: ЦҚА шығару мен айналысқа жіберу Solana желісінде жұмыс істейтін және ЦҚА операторы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ пайдаланатын бағдарламалық инфрақұрылыммен (смарт-келісімшарт/on-chain program) қамтамасыз етіледі. Смарт-келісімшарт соның ішінде белгіленген көлемде ЦҚА құруды, олардың санын есепке алуды, ЦҚА-мен операцияларды жүргізуді және шығарылымды өтеген кезде олардың кейіннен күшін жоюды қамтамасыз етеді. Смарт-келісімшарттың сәйкестендіргіші (Program ID), оның нұсқасы туралы, сондай-ақ смарт-келісімшартқа тәуелсіз аудит жүргізу туралы мәліметтерді ЦҚА платформасының операторы – KASE ұсынуға/растауға тиіс. Solana-да смарт-келісімшарттар техникалық түрде on-chain programs түрінде іске асырылады, олар нұсқаулықтарды орындайды және бөлек деректер аккаунттарымен өзара іс-қимыл жасайды. 4) Смарт-келісімшарт кодының не оған өзгерістер енгізу тәртібінің өзгермеуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың сипаттамасы: Смарт-келісімшарттың бағдарламалық кодының тұтастығы пайдаланылатын блокчейн-инфрақұрылым құралдарымен және ЦҚА платформасының операторы бекіткен қолжетімділікті басқарудың рәсімдерімен қамтамасыз етіледі. Платформаның операторы белгілеген өзгерістерді басқару және қол жеткізуді бақылау рәсімдеріне сәйкес уәкілетті тұлғалар ғана смарт-келісімшарттың бағдарламалық кодына өзгерістер енгізе алады. Бөлінген тізілімде ЦҚА-ның жай-күйін тікелей қамтитын барлық іс-әрекеттер блокчейн-желіде тіркеледі. Смарт-келісімшартты жаңартудың нақты тәртібі, оның ішінде оны жаңарту мүмкіндігінің болуын не болмауын және тиісті өкілеттіктерді басқару тәртібі (upgrade authority) KASE платформасының техникалық архитектурасымен айқындалады және оны ЦҚА

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

платформасының операторы растауға тиіс.

Мынадай мәліметтерді ұсыныңыз: 1) ЦҚА шығарылатын және айналысқа жіберілетін пайдаланылатын бөлінген тізілімнің (блокчейн-хаттаманың) сипаттамасы; 2) желінің жұмыс істеу қағидаттары туралы мәліметтер; 3) ЦҚА шығаруды және айналысын қамтамасыз ететін смарт-келісімшарттың сипаттамасы (бар болса), оның ішінде тәуелсіз аудит жүргізу туралы мәліметтер; 4) смарт-келісімшарт кодының не оған өзгерістер енгізу тәртібінің өзгермеуін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың сипаттамасы;

4.11. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің сипаттамасы

1) Ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша шаралар:

   ЦҚА платформасының операторы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) ақпараттық активтердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімді болуын қамтамасыз етуге, тәуекелі жоғары оқиғалардың орын алу ықтималдығын азайтуға және ықтимал шығынды барынша азайтуға бағытталған ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін қолданады.

   KASE-нің интеграцияланған менеджмент жүйесінің саясаты ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарының талаптары ескеріліп, әзірленді.

   Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес ЦҚА платформасының операторы атап айтқанда:

   - ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден, таралып кетуден, түрлендіруден, жоюдан және бұғаттаудан қорғауды;
   - киберқауіпсіздік оқиғаларын тіркеуді және сақтауды;
   - ақпаратты резервтік көшіруді және қалпына келтіруді;
   - кибер қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық-техникалық құралдарын қолдануды;
   - дербес деректерді қорғауды;
   - ЦҚА-мен операцияларды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етеді.

2) Цифрлық жүйелерге және криптографиялық кілттерге қол жеткізуді басқару тәртібі:

   Пайдаланушыларды сәйкестендіру, аутентификациялау және авторизациялау рәсімдерін қолданып, платформаның ақпараттық жүйелеріне қол жеткізіледі, ал қолжетімділік құқықтары платформа операторы белгілеген өкілеттіктерге сәйкес беріледі.

   Ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық және криптографиялық құралдарын пайдаланып, қолжетімділік басқарылады. Пайдаланушылардың іс-әрекеттері және ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары тіркелуге тиіс және оларға мониторинг жүргізілуге тиіс. Пайдаланушыларды сәйкестендіру, аутентификациялау және авторизациядан өткізу туралы талап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Цифрлық қаржы активтері платформасы операторларының, цифрлық активтер сауда платформасы операторларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 37 қаулысында тікелей көзделген.

   Криптографиялық кілттер KASE белгілеген негізгі ақпаратты басқару және қолжетімділікті бақылау рәсімдеріне сәйкес пайдаланылады. Жарияланған KASE-нің ережелерінде оның ақпараттық жүйелері үшін кілттердің қолданылу мерзімі, оларды ауыстыру және ашық кілттер сертификаттарымен жұмыс істеу тетігі көзделген.

   ЦҚА платформасының әмияндарының жеке кілттерін сақтау және басқару тәртібі KASE-нің ішкі техникалық және ұйымдастырушылық құжаттарында егжей-тегжейлі айқындалған.

3) Цифрлық платформаға рұқсатсыз кіруден, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларынан және цифрлық платформаның жұмыс істеуіне араласудан қорғау бойынша шаралар:

   ЦҚА платформасының операторы мынадай ұйымдастырушылық және техникалық қорғау шараларының кешенін қамтамасыз етеді:

   - пайдаланушыларды сәйкестендіру, аутентификациялау және авторизациялау;
   - киберқауіпсіздік оқиғаларын тіркеу және сақтау;
   - киберқауіпсіздік оқиғалары мен оған төнген қатерлерге мониторинг жүргізу және талдау;
   - ақпаратты рұқсатсыз кіруден, таралып кетуден, өзгертуден, жоюдан және бұғаттаудан қорғау;

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

- желіаралық экрандарды қоса алғанда, цифрлық инфрақұрылым периметрін қорғау құралдарын қолдану;
- ақпаратты резервтік көшіру және қалпына келтіру;
- киберқауіпсіздік оқиғаларын анықтаудың және алдын алудың бағдарламалық-техникалық құралдарын пайдалану;
- жұмыскерлердің киберқауіпсіздік саласынан хабардар болу деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар өткізу.

Платформаның операторы сондай-ақ ЦҚА шығару басталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне цифрлық объектінің киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынау хаттамасын (нәтижелерін) ұсынуға міндетті.

4) Киберқауіпсіздік бойынша оқыс оқиғаларға ден қою тәртібі, оператор мен уәкілетті органның хабарламалары:

KASE ішкі рәсімдерге сәйкес ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік бойынша оқыс оқиғаларды тіркейді, жіктейді, талдайды және оларға мониторинг жүргізеді. Оқыс оқиға анықталған жағдайда, оны оқшаулау, оның салдарын жою, ақпараттық жүйелердің қалыпты жұмыс істеуін қалпына келтіру және оқыс оқиғаның орын алу себептерін талдау бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қағидалары оператордан киберқауіпсіздік бойынша оқыс оқиғалар туралы ақпаратты жинауды, шоғырландыруды, сақтауды және өңдеуді, оларға талдау жасауды, сондай-ақ киберқауіпсіздік бойынша оқыс оқиғаларды басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және ЦҚА платформасы операторының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, тәртіппен және мерзімде оқыс оқиғалар туралы ЦҚА платформасының операторына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне хабарланады.

5) Ақпараттық қауіпсіздік және АТ тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі саясат пен рәсімдердің бар-жоғы туралы мәліметтер:

KASE-де ақпараттық қауіпсіздік, АТ-тәуекелдерін басқару, оқыс оқиғаларға ден қою және қызметтің үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар кешені жұмыс істейді.

Атап айтқанда, ақпараттың құпиялылығын, тұтастығы мен қолжетімділігін қорғауға, тәуекелге бағдарланған тәсілге, тұрақты талдауға, ішкі және сыртқы аудитке және түзету және ескерту шараларын қабылдауға негізделген ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін көздейтін ISO/IEC 27001:2022 талаптарына сәйкес әзірленген KASE-нің интеграцияланған менеджмент жүйесінің саясаты жария түрде ашылды.

Бұдан басқа нормативтік талаптарда ЦҚА платформасы операторының ішкі ережелерінде киберқауіпсіздік шараларын сақтаудың бөлек тәртібі болуға тиіс. Тіркелген ЦҚА операторы ретінде KASE қызметін аталған талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

Мынадай мәліметтерді ұсыныңыз: 1) ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша шаралар; 2) ақпараттық жүйелерге және криптографиялық кілттерге қол жеткізуді басқару тәртібі; 3) цифрлық платформаға рұқсатсыз кіруден, киберқауіпсіздік бойынша оқыс оқиғалардан және цифрлық платформаның жұмыс істеуіне араласудан қорғау бойынша шаралар; 4) ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқыс оқиғаларға ден қою тәртібі, оператор мен уәкілетті органның хабарламалары; 5) ақпараттық қауіпсіздік және АТ тәуекелдерін басқару саласындағы ішкі саясат пен рәсімдердің бар-жоғы туралы мәліметтер.

4.12. ЦҚА ұстаушылардың құқықтарын егжей-тегжейлі сипаттау

- Өзіне тиесілі ЦҚА-ның номиналды құнының жылдық 21% (жиырма бір пайыз) мөлшерлемесі бойынша ЦҚА бойынша сыйақы алу;
- ЦҚА ұстаушысына тиесілі әрбір ЦҚА үшін 1000 (мың) теңге мөлшерінде оларды өтеген кезде ЦҚА-ның номиналды құнын алу;
- Өзіне тиесілі ЦҚА-ны иелену, пайдалану және оған билік ету, оның ішінде оларды сату, беру не Қазақстан Республикасының заңнамасында, ЦҚА шығару шарттарында және ЦҚА платформасы операторының ережелерінде жол берілетін өзге де мәмілелерді жасасу арқылы иеліктен шығару;
- ЦҚА бойынша құқықтарды тиісті ауыртпалықты тіркеп, белгіленген тәртіппен кепілге беру

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

(егер мұндай операцияға Қазақстан Республикасының заңнамасында, ЦҚА платформасы операторының ережелерінде жол берілсе);

- Эмитенттен ЦҚА бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды, оның ішінде сыйақыны толық төлеуді және оларды өтеу мерзімі басталған кезде номиналды құнын уақтылы әрі толық төлеуді талап ету.

Ақшалай төлемдерді және (немесе) өзге де активтерді алу, ЦҚА-ны беру немесе иеліктен шығару, ЦҚА-ны өтеуді талап ету, ақпарат алу және өзге де құқықтар

4.13. Эмитент қабылдайтын шектеулер және (немесе) ұстаушылар үшін шектеулер

ЦҚА ұстаушылар үшін шектеулер:

- Заңды және жеке тұлғалардың ЦҚА сатып алуына жол беріледі;
- ЦҚА сатып алу, иеліктен шығару және ЦҚА-мен өзге де операциялар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ЦҚА платформасы операторының ережелерін және ЦҚА шығару шарттарын сақтай отырып, жүргізіледі.

Бар болса, көрсетіңіз. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады.

4.14. ЦҚА сатып алуға байланысты тәуекелдер

1) Эмитенттің кредиттік тәуекелі

Эмитенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауы, оның төлем қабілеттілігінің төмендеуі немесе Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін өзге жағдайлардың туындауы салдарынан Эмитенттің сыйақы төлеу және (немесе) ЦҚА-ның номиналды құнын өтеу міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау тәуекелі бар.

ЦҚА Эмитенттің міндеттемелерімен қамтамасыз етілмеген, осыған байланысты олар бойынша міндеттемелерді орындау кепілмен, кепілдікпен не қамтамасыз етудің өзге тәсілімен қамтамасыз етілмеген.

2) Қаржылық тәуекел

Эмитенттің қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауы, оның ішінде түсім мен рентабельділіктің төмендеуі, борыштық жүктеменің өсуі, қаржыландыру құнының ұлғаюы, айналым капиталының жеткіліксіздігі немесе контрагенттердің төлем тәртібінің бұзылуы Эмитенттің ЦҚА бойынша міндеттемелерді уақтылы әрі толық көлемде орындау қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін.

3) Салалық тәуекел

Эмитенттің қызметі телекоммуникациялық инфрақұрылым саласында жүзеге асырылады және телекоммуникациялық жабдықтар мен желілерді салуға, монтаждауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты. Байланыс операторларының күрделі шығыны көлемінің өзгеруі, негізгі тапсырыс берушілердің инвестициялық бағдарламаларының қысқаруы, бәсекелестіктің күшеюі, телекоммуникация саласындағы технологиялық өзгерістер, сондай-ақ жабдықтар мен қызметтердің кейбір түрлеріне сұраныстың азаюы Эмитент қызметінің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

4) Клиенттер мен жобаларды шоғырландыру тәуекелі

Эмитенттің қаржылық нәтижелері ірі телекоммуникациялық операторлардың тапсырыстарының көлеміне және кейбір маңызды жобаларды іске асыруға байланысты болуы мүмкін. Тапсырыс көлемін қысқарту, жобаларды іске асыру мерзімін ауыстыру, ірі тапсырыс берушілермен елеулі шарттарды бұзу немесе ұзартпау Эмитенттің ақша ағынына және оның ЦҚА ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындау қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін.

5) Пайыздық тәуекел

ЦҚА бойынша сыйақы мөлшерлемесі бекітілген және жылдық 21%-ды құрайды. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелер мен салыстырмалы қаржы құралдарының кірістілігі артқан жағдайда, ЦҚА-ның инвестициялық тартымдылығы мен нарықтық құны төмендеуі мүмкін. Нарықтық мөлшерлемелер төмендетілген кезде, ЦҚА бойынша кірістілік өзгеріссіз қалады.

6) Өтімділік тәуекелі

ЦҚА ұстаушының оларды өтеу мерзімі басталғанға дейін өткізу мүмкіндігі қайталама нарықта тиісті ЦҚА-ға сұраныстың болуына байланысты. Шығарылымның шектеулі көлемі, сатып

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

алушылардың жеткілікті санының болмауы, сондай-ақ білікті инвесторлардың ықтимал сатып алушылар аясын шектеуі ЦҚА өтімділігінің жеткіліксіз болуына және оларды ұстаушы күтетін баға бойынша жедел өткізу мүмкіндігінің болмауына әкеп соғуы мүмкін.

7) Валюталық тәуекел

ЦҚА Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен номинирленген және сыйақы мен номиналды құн теңгемен төленеді. Базалық валютасы теңге емес инвесторлар үшін тиісті шетел валютасына қатысты теңге бағамының өзгеруі инвестициялардың нақты кірістілігіне әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа Эмитент құны шетел валютасымен көрсетілген импорттық жабдықтарды, материалдарды немесе қызметтерді сатып алған жағдайда, оның қызметіне валюталық тәуекел жанама түрде әсер етуі мүмкін.

8) Инфляциялық тәуекел

Инфляция деңгейінің көтерілуі ЦҚА бойынша нақты кірістіліктің төмендеуіне алып келуі мүмкін. ЦҚА бойынша сыйақы мөлшерлемесі бекітілген болғандықтан, инфляция айтарлықтай өскен кезде ұстаушы алатын ақшалай төлемдердің нақты құны төмендеуі мүмкін.

9) Құқықтық және реттеушілік тәуекел

Қазақстан Республикасының цифрлық қаржы активтері саласындағы заңнамасы құқық қолдану практикасын дамыту және қалыптастыру сатысында тұр. Заңнаманың, эмитенттерге, ЦҚА платформаларының операторларына және инвесторларға қойылатын нормативтік талаптардың, ЦҚА шығару, айналысқа жіберу және өтеу тәртібінің, салық режимінің не білікті инвесторларға қойылатын талаптардың өзгеруі ЦҚА айналысы тәртібіне және оларды ұстаушылардың құқықтарын іске асыруға әсер етуі мүмкін.

10) Технологиялық тәуекел

ЦҚА шығару және айналысқа жіберу ЦҚА платформасы операторының цифрлық платформасын және бөлінген тізілім технологиясын пайдаланып, жүзеге асырылады. Ақпараттық жүйелердің, блокчейн-инфрақұрылымның, бағдарламалық жасақтаманың, байланыс желілерінің немесе өзге де технологиялық компоненттердің жұмысындағы іркілістер ЦҚА-мен операциялар жүргізудің уақытша мүмкін болмауына, оларды есепке алған кезде не ұстаушыға тиесілі құқықтар туралы ақпарат алған кезде кідірістерге әкеп соғуы мүмкін.

11) Смарт-келісімшарттың және бөлінген тізілімнің тәуекелі

Бағдарламалық кодтың қателері, смарт-келісімшарттың осалдығы, бағдарламалық жасақтаманың дұрыс жаңартылмауы немесе бөлінген тізілімнің жұмыс істеуіндегі іркілістер ЦҚА шығаруға, есепке алуға, беруге немесе өтеуге әсер етуі мүмкін. Бөлінген тізілім технологиясын пайдалану техникалық қателер, бағдарламалық осалдықтар және өзге де технологиялық тәуекелдер мүмкіндігін толығымен жоққа шығармайды.

12) Киберқауіпсіздік тәуекелі

Ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізу, кибершабуылдар, зиянды бағдарламалық жасақтама, есептік деректерді немесе криптографиялық кілттердің құпиялылығының бұзылуы, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікке қатысты өзге де оқыс оқиғалар платформаға қол жеткізудің уақытша шектелуіне не ЦҚА-мен операцияларға қатысушылар үшін өзге де жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін.

13) Операциялық тәуекел

Эмитенттің, ЦҚА платформасы операторының, банктердің және операцияларды есептеуге және есепке алуға қатысатын өзге де ұйымдардың қызметкерлерінің қателіктері, ішкі процестердің немесе ақпараттық жүйелердің жұмысындағы іркілістер операцияларды жүргізу, сыйақы төлеу немесе ЦҚА-ны өтеген кезде кідірістерге әкеп соғуы мүмкін.

14) Есеп айырысу тәуекелі

Сыйақыны және ЦҚА-ның номиналды құны ақша қаражатын ЦҚА ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы төленеді. Банк жүйелерінің техникалық іркілістері, ұстаушының қате банктік деректемелерді ұсынуы, банктік шот бойынша шектеулердің белгіленуі не Эмитентке тікелей байланысты емес өзге де мән-жайлар салдарынан төлемді кешіктіру тәуекелі бар.

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

15) Салық тәуекелі

Қазақстан Республикасының салық заңнамасының, ЦҚА бойынша кіріске салық салу тәртібінің немесе ұстаушының салық мәртебесінің өзгеруі инвестор іс жүзінде алатын кірістің мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

16) Басқа да тәуекелдер

ЦҚА сатып алу экономикалық жағдайдың, қаржы нарығының жай-күйінің, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне, еңсерілмейтін күш жағдайларына және Эмитент болжай алмайтын немесе бақылай алмайтын өзге де оқиғаларға байланысты болуы мүмкін.

Тәуекелдерді сипаттаңыз: салалық, қаржылық, құқықтық, валюталық және өзге де тәуекелдер. Тек жария түрде орналастырғанда ғана толтырылады. Стейблкойндерді орналастырған кезде мынадай тәуекел туындайды: бөлінген тізілімнің технологиялық іркілістері мен осалдықтарына байланысты тәуекелдер; үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттеріне, оның ішінде кілттер мен есептік деректердің құпиялылығының бұзылуына байланысты тәуекелдер; цифрлық қаржы активтері платформалары операторларының қызметіне байланысты операциялық және құқықтық тәуекелдер; эмитенттің төлем қабілетсіздігіне байланысты тәуекелдер.

4.15. Дефолт туралы ақпарат

Дефолт – бұл ЦҚА бойынша міндеттемелерді орындамау.

Мыналар Эмитенттің ЦҚА бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы»):

- ЦҚА шығару шарттарында белгіленген мерзімде ЦҚА бойынша сыйақы төлемеу не оны толық көлемде төлемеу;
- ЦҚА-ның өтеу мерзімі басталған кезде олардың номиналды құнын төлемеу не оны толық көлемде төлемеу;
- Эмитенттің ЦҚА шығару талаптарында көзделген ЦҚА ұстаушылардың алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерді елеулі түрде бұзуы;
- Эмитентті банкрот деп тану немесе оны тарату туралы сот актісінің заңды күшіне енуі не Эмитенттің уәкілетті органының тарату туралы шешім қабылдауы.

Дефолттың басталуының құқықтық салдары

Дефолт басталған жағдайда Эмитенттің ЦҚА ұстаушылар алдындағы ЦҚА номиналды құнының төленбеген сомасы және/немесе есептелген сыйақы бөлігіндегі міндеттемелері олар толық орындалған кезге дейін сақталады.

ЦҚА ұстаушылар Эмитенттен өздеріне тиесілі соманы төлеу міндеттемелерін орындауды талап етуге, сондай-ақ өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәсілдермен қорғауға құқылы.

ЦҚА шығарылымын өтеу және ЦҚА ұстаушылардың құқықтарын тоқтату Эмитент ЦҚА ұстаушылардың алдындағы тиісті міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін жүзеге асырылмайды.

ЦҚА ұстаушылардың құқықтарын қорғау тетіктері

ЦҚА бойынша дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент ЦҚА ұстаушыларға ЦҚА бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын (нақты төлем күні) немесе оның тиісті бөлігін төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындаған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (тұрақсыздық айыбы есептелетін соңғы күн нақты төлем жасалған күн болады).

Егер сыйақының және/немесе ЦҚА номиналды құнының Эмитенттің ЦҚА шығару шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлемеуі не толық көлемде төлемеуі Эмитенттің ЦҚА ұстаушының банктік шотының анық емес немесе толық емес деректемелерін алуына байланысты болса, мұның салдарынан Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуі мүмкін болмаса, не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың ЦҚА ұстаушылар тізілімін Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынбауы салдарынан орын алса, мұндай төлемеу немесе толық көлемде төлемеу ЦҚА бойынша дефолт болмайды.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болса, эмитент ЦҚА бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

болмаған жағдайлары (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған жағдайда, Эмитенттің ЦҚА шығару шарттарында көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен уақыт кезеңіне шамалас кейінге шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттарын Эмитент ЦҚА ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде ЦҚА ұстаушыға ЦҚА беретін құқықтарды ескере отырып қабылдайды.

ЦҚА бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде, Эмитент осындай Дефолт оқиғасына есебеп болған мән-жайларды жою үшін және ЦҚА ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Эмитенттің (www.altatelecom.kz) және Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) оның ережелерінде белгіленген тәртіппен және «Қаржылық есептілік депозитарийі» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы ЦҚА ұстаушыларға жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

- дефолт оқиғасының басталуына әсер еткен себептердің толық сипаттамасы;
- орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- ЦҚА ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерінің тізбесі, оның ішінде ЦҚА ұстаушылардың талап қоя отырып, Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдері;
- Дефолт оқиғасының туындауына себеп болған мән-жайларды жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- ЦҚА ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілген күн;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш рет жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күннің ішінде Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, ЦҚА-ның номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша ЦҚА-ны (ЦҚА бойынша талап ету құқықтарын) немесе ЦҚА бойынша талап ету құқықтарын сатып алу туралы ЦҚА ұстаушылардың жазбаша өтініштерін қабылдауға міндетті. Өтініште сатып алуға мәлімделген ЦҚА саны көрсетілуге тиіс.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш рет жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент ЦҚА ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті. ЦҚА ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелермен қатар Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) ЦҚА шығару шарттарына енгізілуі мүмкін өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер ЦҚА ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізудің қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруінің мүмкін еместігі туралы шешім қабылданса, сондай-ақ егер Эмитент кредиторлардың талаптарын борышкердің толық көлемде қанағаттандыра алмауына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде ЦҚА бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және ЦҚА ұстаушылардан алынған жазбаша талаптар бойынша ЦҚА-ны сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитент пен ЦҚА ұстаушылардың немесе ЦҚА бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы іс-әрекеті Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер ЦҚА ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсе, Эмитенттің Уәкілетті органы ЦҚА ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)

ЦҚА – Эмитенттің қамтамасыз етілмеген міндеттемелері, осыған байланысты Эмитенттің міндеттемелері бойынша ЦҚА ұстаушылардың алдында ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын тұлғалар жоқ.

Оның басталуының негіздерін, ЦҚА ұстаушылар үшін құқықтық салдарын, қорғау тетіктерін көрсетіңіз

4.16. Эмитент стейблкойндерді орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаттары,

Қолданылмайды.

Стейблкойндерді орналастырғанда

4.17. Стейблкойндерді кері сатып алу шарттары

Қолданылмайды.

Стейблкойндерді орналастырғанда

4.18. Эмитент стейблкойндерді орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаттары,

Қолданылмайды.

Стейблкойндерді орналастырғанда

4.19. Стейблкойндерді кері сатып алу шарттары

Қолданылмайды.

Стейблкойндерді орналастырғанда

Осы құжатта ұсынылған барлық ақпарат дұрыс және ол инвесторларды эмитентке немесе ұсынылып отырған цифрлық қаржылық активтердің (ЦҚА) шығарылымына қатысты жаңылыстырмайды.

Бас директор		Р.Ф. Алиев
Лауазымы	[қолы]	Тегі, аты-жөні

Данный документ подписал:
Генеральный директор
Руслан Алиев
19.10.2026 г. 14:37

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 закона Республики Казахстан от 07 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Данный документ подписан в системе электронного документооборота IS2IN.
7f9eec94a94f3711cb55e9e13e14623d224d0ee9 (RSA)